

## **«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинаты бойынша хабарландыру**

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 8-тармағына, 26-бабының 2-тармағының 14) тармақшасына және ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 609-тармағына сәйкес, «Қазхром» ТҰК» АҚ Хромтау к. тұтынушыларын және барлық мүдделі тұлғаларды ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 22 шілдедегі №79-НҚ бұйрығымен «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинатының жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтеріне тариф 2026 жылғы 01 тамыздан бастап Гкал үшін 3 965,19 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілгенін хабарлайды.

Жылу энергиясын өндіру бойынша қызметке тариф пен тарифтік сметаны уәкілетті орган Заңның 22-бабының 1-тармағының 1), 9-2) тармақшалары және Қағидалардың 601-тармағының 1), 11) тармақшалары негізінде (стратегиялық тауарға бағаның және (немесе) стратегиялық тауарларды тасымалдауға мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі, өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің бір жылғы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі) өзгертті.

Сұрақтар туындаған жағдайда 8 (7132) 973 314 телефоны бойынша хабарласуға болады.